

"Йод тапшылығы ауруларының алдын алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 12 шілдедегі N 659 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Йод тапшылығы ауруларының алдын алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

"Йод тапшылығы ауруларының алдын алу туралы"

Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер енгізу туралы

1-бап. "Йод тапшылығы ауруларының алдын алу туралы" 2003 жылғы 14 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 19-20, 149-құжат; 2006 ж., N 1, 5-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) бүкіл мәтін бойынша "стандарттау, метрология және сертификаттау" деген сөздер "техникалық реттеу және метрология" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 6-баптың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"7) Шығарылуы кезінде йодталмаған тұз пайдаланылатын тамақ өнімдерінің жекелеген түрлерінің тізбесін бекітеді;"

3) 11-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"11-бап. Тұздың сапасы мен қауіпсіздігіне қойылатын талаптар

1 . М ы н а л а р д ы :

1) йодталған тұзды пайдалануға қарсы көрсетімдері бар адамдарға арналған тұзды;

2) технологиялық процесінде йодталмаған тұз пайдаланылатын тамақ өнімдерінің жекелеген түрлерін шығаруға арналған тұзды қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағында шығарылатын ас тұзы мен жемдік тұз міндетті түрде йодталуға тиіс.

Шығарылуы кезінде йодталмаған тұз пайдаланылатын тамақ өнімдерінің жекелеген түрлерінің тізбесін уәкілетті орган бекітеді.

2. Ас тұзы мен жемдік тұздағы йод құрамының нормалары, оның сапасы, қауіпсіздігі, йодтау әдістері, йод құрамы төмендеген кездегі қайта йодтау процесі санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларға және өзге де нормативтік құжаттарға сәйкес болуға тиіс.

3. Осы баптың 1-тармағының 1), 2) тармақшаларында көзделген ережелерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағында йодталмаған тұзды шығаруға, әкелуге, сондай-ақ сатуға тыйым салынады.

4. Жалған ас тұзын шығаруға, әкелуге, әкетуге және тыйым салынады."

2-бап. Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК